



БЕКІТІЛГЕН
Астана қаласы әкімдігінің
Әдістемелік орталығы басшысының м.а.
С.Дауешова
« _____ » _____ 2023 ж.

«PYTHON БАҒДАРЛАМАЛАУ ТІЛІНЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖИНАҒЫ» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ: педагогтердің шығармашылық жұмыстарын көрсетуіне жағдай жасау және озық педагогикалық тәжірибені насихаттау.

Міндеттері:

- Астана қаласы бойынша шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді анықтау;
- шығармашылық байланыстарды кеңейту, информатика пәнін оқытуда озық педагогикалық тәжірибемен алмасу;
- педагогтерді қолдау және ынталандыру.

2. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 2.1 Астана қаласының орта білім беру мекемелерінің мұғалімдері қатыса алады.
- 2.2 Әр ұйым 3 қатысушыға дейін ұсына алады.
- 2.3 Байқауға қатысу ерікті болып табылады.
- 2.4 Өткізу түрі - сырттай.

3. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 3.1 Байқауды ұйымдастыру үшін байқаудың сараптамалық комиссиясы құрылады.
- 3.2 Ұйымдастыру комитетінің мүшелері мен сараптамалық комиссия Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК басшысының бұйрығымен бекітіледі.
- 3.3 Сараптамалық комиссия Астана қаласының Білім басқармасының, Әдістемелік орталығының қызметкерлері және цифрландыру саласындағы әлеуметтік әріптестердің өкілдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатарынан құрылады.

4. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

I кезең – қатысуға өтінімдерді тіркеу және байқау құжаттарын қабылдау.
Байқауға қатысушылар өтінімдерді **2023 жылдың 24 ақпанына** дейін байқаудың g.sydykova@astana-modern.edu.kz электронды почтасына жібереді.

II кезең – байқаудың жұмыстарын сараптау – **2023 жылдың 24-28 ақпан аралығында;**

III кезең – байқаудың қортындысын шығару – **2023 жылдың 9 наурызда.**

Байқау тапсырмалары.

- материалдар электронды оқулық форматында дайындалады.
- байқауға қазақ және орыс тілдерінде жазылған жұмыстар қабылданады.
- байқау жұмысы авторлық болуы керек, яғни қатысушы тікелей өзі дайындаған.
- жинақ тақырып бойынша бөлінген және әр тақырыпқа бірнеше есеп және әр берілген есептердің теориялық сипаттамасы болуы керек;
- есептердің берілгені және соған сәйкес шешімі, программалау коды болуы керек.

Бағалау критерийлері.

- материалдың мазмұны мен көлемі.
- есептің берілгені нақты және түсінікті болуы, логикалық құрылымы.
- есептерді шешудің дұрыс, тиімді әдістері таңдалуы.
- тақырып бойынша есептердің деңгейге бөлінуі.

- материалды практикалық қолдану мүмкіндігі.
- жұмыстың өзіндік ерекшелігі.

5. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Үздік деп танылған жұмыстар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады;

- қатысушылар электронды сертификаттарын, өтініште көрсетілген электрондық пошта арқылы алады, жеңімпаздарға марапаттау кезеңі орталықта өтеді.
- байқаудың қортындысы <https://astana-modern.edu.kz> сайтында жарияланады.

**ӨТІНІШТІ ЖІБЕРГЕННЕН KEЙІН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТКЕ
ЕРЕЖЕДЕ КӨРСЕТІЛГЕН НӨМІРЛЕРГЕ ХАБАРЛАСУ ҚАЖЕТ
(өтінішіңіздің қабылдануына байланысты)**

Анықтама телефоны:

8 (778) 966 23 63

ӨТІНІШ

1	Автордың аты-жөні	
2	Туылған күні	
3	Лауазымы	
4	Жұмыс тәжірибесі	
5	Оқытатын пәні	
6	Жұмыс орны	
7	Ұялы телефон	
8	e- mail	

Өтінім беру күні: «__» _____ 2023 жыл